

2025 жылғы I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша көрсетілетін төлем қызметтері нарығының даму нәтижелеріне шолу



ТЖЖЦҚТД
Қазақстан Ұлттық Банкі
Астана, 2025



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті төлем нарығының статистикалық деректері талданған аналитикалық шолу дайындады, ол осы сектордағы негізгі үрдістер мен динамиканы көрсетеді.

Ұлттық төлем инфрақұрылымы Қазақстан қаржы жүйесінің маңызды элементі болып саналады. Ол экономиканың нақты секторын қолдай отырып, нарыққа қатысушылардың өзара тиімді іс-қимылын реттейді. Оның одан әрі нығаюы, инновацияларды ендіру және төлемнің қолжетімді құралдарын кеңейту сервистердің сапасын көтеруге және елдің қаржы жүйесіне деген сенімді арттыруға ықпал етеді.

Бақыланатын үрдістер мен 2025 жылдың I жартыжылдығындағы төлемдер мен төлем жүйелері нарығын талдау негізінде шолуда Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің, төлем карточкалары мен электрондық банк қызметтері нарығының, халықаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері, Қазақстан аумағындағы төлем ұйымдарының қызметі жөніндегі ақпарат жария етілді, сондай-ақ қаржы нарығындағы қашықтан сәйкестендіру сервисі мен Ұлттық Банктің Антифрод-орталығының қызметі қаралды.

Мазмұны


1-бөлім. Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері.....	4
2-бөлім. Көрсетілетін төлем қызметтерінің нарығы.....	6
2.1. Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы	6
2.2. Төлем карточкалары және электрондық банк қызметтері	8
3-бөлім. Халықаралық ақша аударымдары жүйелері.....	11
4-бөлім. Төлем ұйымдары	15
5-бөлім. Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымында өзге компоненттердің жұмыс істеуі.....	18
5.1. Қаржы нарығындағы қашықтан сәйкестендіру сервисі	18
5.2. Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы	19

1-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

Қазақстанда ұлттық валюта – теңгедегі банкаралық төлемдердің негізгі ағынын есептеуді қамтамасыз ететін төлем жүйелері елдің қаржы нарығы инфрақұрылымының негізгі элементтері болып келетін Ұлттық Банктің Банкаралық ақша аударымдары жүйесі (БААЖ) мен Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ) ұлттық төлем жүйелері болып табылады.

Тұтастай алғанда, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Ұлттық Банктің төлем жүйелері (БААЖ және БКЖ) арқылы **746,0 трлн теңгеге 54,6 млн** төлем жүргізілді, 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда саны мен көлемі жағынан тиісінше **34,3%-ға (14,0 млн теңгеге)** және **9,2%-ға (62,8 трлн теңгеге)** көп.

1-график. Төлем жүйелеріндегі төлемдер саны мен көлемінің динамикасы



Орташа алғанда бір операциялық күнде көрсетілген төлем жүйелері арқылы **6,3 трлн теңгеге 462,8 мың транзакция** жүргізілді, ал 2024 жылғы бірінші жартыжылдықта – **5,6 трлн теңгеге 336,1 мың** төлем жүргізілді.

2025 жылдың I жартыжылдығында пайдаланушылар бөлінісінде операциялардың негізгі үлесі төлемдердің жалпы санынан **90,5%** және жалпы көлемінен **54,1%** – «Екінші деңгейлі банктер мен «Қазпошта» АҚ» тобына тиесілі болды. 2025 жылғы қаңтар-маусым аралығында «Екінші деңгейлі банктер мен «Қазпошта» АҚ» тобы **403,2 трлн теңгеге 49,4 млн аударым** жасады. Бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда саны бойынша **36,1%-ға** және көлемі жағынан **10,3%-ға көп**.

Жүйенің өзге қатысушыларына келетін болсақ, «Мемлекеттік органдар» тобының (Ұлттық Банк, «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ) үлесіне төлем көлемінің **38,2%-ы** және төлем санының **9,4%-ы** тиесілі болды, ал «Инфрақұрылымдық ұйымдар» тобының («БҚОД» АҚ, «Қазақстан қор биржасы» АҚ, «KASE клирингтік орталығы» АҚ) үлесіне төлем көлемінің **7,8%-ы** және төлем санының **0,1%-ы** тиесілі болды.

2-график. Пайдаланушылар бойынша БААЖ бен БКЖ-да төлемдер саны мен көлемінің құрылымы

Пайдаланушылар бөлінісінде БААЖ бен БКЖ-дағы транзакциялар санының үлесі, 2024ж. қаңтар-маусым




Пайдаланушылар бөлінісінде БААЖ бен БКЖ-дағы транзакциялар көлемінің үлесі, 2024ж. қаңтар-маусым



Пайдаланушылар бөлінісінде БААЖ бен БКЖ-дағы транзакциялар санының үлесі, 2025ж. қаңтар-маусым




Пайдаланушылар бөлінісінде БААЖ бен БКЖ-дағы транзакциялар көлемінің үлесі, 2025ж. қаңтар-маусым



Төлем жүйелерінің жұмыс кестесі ерекшеленеді: БААЖ-дағы операциялық күн сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін белгіленген, бұл ретте қажет болған кезде қатысушының өтінімі бойынша ұзартылуы мүмкін. Өз кезегінде БКЖ-да төлем құжаттарын қабылдау және өңдеу сағат 16:00-ден келесі күнгі 15:00-ге дейін (күніне 23 сағат) жүзеге асырылады.

БААЖ жүйесінде төлемдерді уақыт бойынша бөлуді талдау төлемдердің неғұрлым көп көлемі 11:00-ден бастап 12:00-ге дейінгі аралықта (жалпы көлемнің 28,8%-ы) жүргізілетінін көрсетті, бұл ретте операциялардың неғұрлым көп саны 15:00-ден бастап 16:00-ге дейінгі аралықта (төлемдердің жалпы санының 21,3%-ы) тіркелді.

3-график. 2025ж. I жартыжылдықтағы уақыт интервалдары бойынша БААЖ төлемдерінің саны мен сомасы



Қазақстан экономикасы үшін төлем жүйелерінің маңыздылығын ескере отырып, олардың жұмысы ең алдымен жүйенің қауіпсіздігін жоғары деңгейде (үздіксіз) қамтамасыз етуге бағытталған. Аталған міндеттер операциялық тәуекелдерді басқаруда қолданылатын әдістер арқылы толық көлемде жүзеге асырылады. Оған төлем жүйелерінің жұмысына тұрақты түрде мониторинг жүргізу және талдау да жатады.

Осылайша 2025 жылғы I жартыжылдықта БААЖ және БКЖ үздіксіз жұмыс (жұмысқа қабілеттілік) коэффициенттері тиісінше **99,84%** және **99,78%** болды. Бұл жалпы белгіленген нысаналы көрсеткіштерден асып түсіп, жоғары тиімділікті сипаттайды.

2-БӨЛІМ. КӨРСЕТІЛЕТІН ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ НАРЫҒЫ

2.1 Көрсетілетін төлем қызметтері нарығының инфрақұрылымы


Қаржы секторындағы маңызды міндеттердің бірі – үй шаруашылықтары мен кәсіпорындарды төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырудың тиімді тәсілдерімен қамтамасыз ету¹. Бұл міндет банктер ұсынатын төлем қызметтері арқылы да орындалады. Қашықтан қызмет көрсету бойынша банктік желілерді кеңейту жағын айтпағанда, соңғы

¹ «III. Central banks and payments in the digital era» <https://www.bis.org/publ/arpdf/ar2020e3.htm>

жылдары төлем қызметтерінің қолжетімділігіне банктердің онлайн сервистерін дамыту ісі айтарлықтай ықпал ете бастады.


Қазақстан халқына ақша аударымы мен төлемді жүзеге асыру үшін банктік онлайн сервистер (интернет-ресурстар мен мобильді қосымшалар) және қашықтан қолжеткізу құрылғылары, оның ішінде POS-терминалдар, банкоматтар, төлем терминалдары қолжетімді.

4-график. Төлем нарығы инфрақұрылымының жалпы динамикасы (мың бірлік)



Жалпы алғанда, төлем инфрақұрылымын кеңейтуде оң динамика байқалады (4-график). Бүгінгі таңда 910,7 мың кәсіпкерде 1 146,8 мың сауда орнында тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз төлемді қабылдайтын 1 357,0 мың POS-терминал орналастырылған.


5-график. Төлем нарығының инфрақұрылымы



2024 жылдың ұқсас кезеңіндегі 84 бірлікпен салыстырғанда 1000 адамға 97 бірлік POS-терминал тиесілі.

Өңірлік бөліністе банк инфрақұрылымының анағұрлым дамыған желісі республикалық маңызы бар қалалар – Алматы мен Астанада, сондай-ақ Қарағанды облысында байқалады (6-график). Аталған өңірлерге POS-терминалдар мен сауда орындарының 40%-ға жуығы және банкоматтар мен кәсіпкерлердің үштен бірі тиесілі.

6-график. Банктік инфрақұрылымды өңірлер бойынша бөлу (бірлік)



Қашықтан қолжетімді банктік құрылғылардан бөлек банктердің онлайн сервистері де көп қолданылады. 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктердің онлайн сервистерін белсенді пайдаланушылар саны² 12%-ға артып, 27,1 млн пайдаланушыға жетті.

2.2 Төлем карточкалары және электрондық банк қызметтері


2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша төлем карточкаларының эмиссиясын 18 банк пен «Қазпошта» АҚ жүзеге асырды. Айналымда 81,7 млн төлем карточкасы бар, оның 50,5% немесе 41,3 млн – белсенді төлем карточкалары³. Осылайша, әрбір Қазақстан тұрғынына орташа есеппен 4 төлем карточкадан тиесілі, оның 2 карточкасы белсенді.

Айналымдағы төлем карточкалары мен белсенді төлем карточкаларының өсу динамикасы сақталып отыр. 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша айналымдағы төлем карточкаларының саны **4,7%-ға**, белсенді төлем карточкаларының саны **5,2%-ға** ұлғайды.

² Егер пайдаланушы интернет пен мобильді банкінгіт айына бір және одан да көп рет пайдаланса, пайдаланушы белсенді болып есептеледі.

³ Төлем карточкасы айына бір рет және одан да көп пайдаланылған жағдайда, ол төлем карточкасы белсенді болып есептеледі.

7-график. Айналымдағы төлем карточкалары және белсенді төлем карточкалары (мың бірлік)




2025 жылдың I жартыжылдығында Қазақстан халқы төлем карточкаларын және электрондық банк қызметтерін пайдалана отырып, **100,7 трлн теңгеге 6,8 млрд ақша төлемі** мен аударымын жүргізді, бұл 2024 жылдың ұқсас көрсеткіштерінен тиісінше **12%-ға** және **19%-ға** артық.

Барлық транзакциялардың негізгі үлесі қолма-қол ақшасыз транзакцияларға тиесілі. Осылайша, қолма-қол ақшасыз транзакциялардың үлесі халықтың ақша төлемдері мен аударымдарының жалпы санынан **98,3%-ға** және жалпы көлемінен **87,0%-ға** дейін өсті.

Халықтың қолма-қол ақшасыз операцияларының саны **6,7 млрд** транзакцияға, ал көлемі **87,6 трлн теңгеге** жетті, бұл өткен жылдың ұқсас көрсеткіштерінен тиісінше **13%-ға** және **20%-ға** артық.

Сонымен қатар, қолма-қол ақша алу бойынша операциялар саны көлемі жағынан бір мезгілде ұлғайса да (+9%), азайып келеді (-4%). Мәселен, бір операция арқылы алынатын қолма-қол ақшаның орташа мөлшері 98 мың теңгеден 112 мың теңгеге дейін өскені байқалады.

8-график. Халық транзакцияларының динамикасы



Төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу үшін банктердің онлайн сервисін пайдалануға келгенде халық тарапынан сұраныс әлі де жоғары. Қолма-қол ақшасыз операциялардың негізгі үлесі банктердің онлайн сервистері арқылы (қолма-қол ақшасыз транзакциялар көлемінің **90%-ы** – интернет, мобильді қосымшалар және QR-нұсқама арқылы) жүргізілді.


Сондай-ақ, қолма-қол ақшасыз транзакциялар жүргізуде POS-терминал арқылы төлем карточкасын пайдалану да сұранысқа ие (қолма-қол ақшасыз транзакциялар санынан шамамен 27%, көлемінен 10%).

Мысалы, интернет пен банктердің мобильді қосымшасы арқылы жүргізілген 1 транзакцияның (ақша аударымы мен төлемнің) орташа сомасы 19 мың теңгені, QR-код арқылы – 5 мың теңгені және POS-терминал арқылы төлем карточкасын пайдаланғанда – 7 мың теңгені құрады.


Бұл ретте, көпшілік қалауы QR-код арқылы төлем жүргізу жағына ауысқанын байқауға болады. Мәселен, QR-код арқылы жасалған операциялардың саны төлем карточкасымен POS-терминалдар арқылы жасалған операциялар санынан **40%-ға** және көлемі жағынан **12%-ға** асып түсті.

Аймақтық бөліністе еліміздегі 20 өңірдің 15-інде қазақстандықтар төлем жасарда POS-терминал арқылы қолданылатын төлем карточкасына қарағанда, банктің мобильді қосымшаларын әлдеқайда көбірек пайдаланады. Өйткені, көпшілікке QR-код арқылы төлем жүргізу ыңғайлы. Бұл үрдіс Астана қаласында (*бір ересек адамға шаққандағы QR-код арқылы жасалған төлем көлемі төлем карточкасын пайдаланып, POS-терминал арқылы жүргізілген төлем көлемінен 34%-ға асып түсті*), Алматы облысында (*бір ересек адамға шаққандағы QR-код арқылы жасалған төлем көлемі төлем карточкасын пайдаланып, POS-терминал арқылы жүргізілген төлем көлемінен 1,6 есе асып түсті*), Ақтөбе облысында (*бір ересек адамға шаққандағы QR-код арқылы*

9-график. Қолма-қол ақшасыз операциялардың құрылымы (саны,%)




10-график. Қолма-қол ақшасыз операциялардың құрылымы (көлемі,%)



төлем көлемі төлем карточкасын пайдаланып, POS-терминал арқылы жүргізілген төлем көлемінен 36%-ға артық) және басқа да өңірлерде байқалады.

11-график. Өңірлер бойынша бір ересек адамға шаққанда POS-терминал⁴ мен QR-код арқылы жасалған қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі, мың теңгемен



3-БӨЛІМ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ ЖҮЙЕЛЕРІ

2025 жылғы I жартыжылдықтағы халықаралық ақша аударымдары жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы жіберілген төлемдердің жалпы көлемі 2024 жылғы кезеңмен салыстырғанда 14,5%-ға төмендеп, 337,8 млрд теңге сомасында 854,8 мың транзакцияны құрады (12-график).

12-график. ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының көлемі мен саны




2025 жылғы I жартыжылдықта өткен кезеңдердегідей, ХААЖ арқылы жіберілген транзакциялардың жалпы көлемінен валюталар бөлігінде ақша

⁴ QR-кодты пайдаланбай, төлем карточкасын (NFC қоса алғанда) пайдалана отырып, POS-терминалдар арқылы жүргізілген төлемдер


аударымдарының үлкен үлесі теңгемен және АҚШ долларымен жүргізілді (13-график).

13-график. Валюталар бөлігінде ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының көлемі



2025 жылғы I жартыжылдықтың нәтижесі бойынша шет елге ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдары 321,2 млрд теңгеде 805,0 мың транзакция болды. Аударым көлемі 2024 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 16,3%-ға төмендеп, 2020 жылғы бірінші

14-график. Бір аударымның орташа сомасы



жартыжылдықтағы деңгейге жақындады. Қазақстаннан шетелге бір аударымның орташа сомасы 398,9 мың теңге болды (14-график). Өткен кезеңдердегідей, шетелге жіберілген аударымдардың көпшілігі «Золотая Корона» ХААЖ арқылы жүзеге асырылды. Шетелге жіберілетін ақша аударымдарының 99,9%-ы өтеусіз болды.

Шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі теңгемен – 51,4% және АҚШ долларымен – 37,8% жүргізілді (15-график). Қазақстаннан ақша алушы негізгі елдер – Ресей Федерациясы – 31,7%, Өзбекстан – 29,7%, Түркия – 18,2%, Грузия – 6,0% және Қырғызстан – шетелге аударымдар көлемінен 3,3% (1-кесте).

Шетелге жіберілген аударымдар көлемінің айтарлықтай төмендеуі Түркия (27%-ға немесе 21,6 млрд теңгеге), Ресей (15%-ға немесе 18,0 млрд теңгеге) және Грузия (35,5%-ға немесе 10,5 млрд теңгеге) бойынша байқалады.

15-график. Валюталар бөлінісінде шетелге жіберілген ақша аударымдары




1-кесте. Елдер бөлінісінде шетелге жіберілген ақша аударымдары


Ақша аударылған ел	Саны мың транзакциямен	Жалпы санынан үлесі, %-бен	Сомасы млрд теңгемен	Жалпы сомасынан үлесі, %-бен
Ресей Федерациясы	457,62	56,8%	101,89	31,7%
Өзбекстан	160,59	19,9%	95,40	29,7%
Түркия	106,53	13,2%	58,60	18,2%
Грузия	9,56	1,2%	19,11	6,0%
Қырғызстан	21,08	2,6%	10,70	3,3%
Қытай	6,05	0,8%	8,57	2,7%
Әзербайжан	6,09	0,8%	6,57	2,0%
Армения	2,89	0,4%	4,53	1,4%
Корея Республикасы	3,13	0,4%	2,74	0,9%
Тәжікстан	8,39	1,0%	2,62	0,8%
Басқалар	23,11	2,9%	10,43	3,2%
Жалпы жиыны	805,04	100,0%	321,17	100,0%

2025 жылғы I жартыжылдықта шетелден ХААЖ арқылы алынған ақша аударымдарының көлемі 105,4 млрд теңгеде 304,9 мың транзакцияны құрады. 2024 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда алынған аударымдар көлемі 12,5%-ға қысқарды, бұл оны 2016 жылғы бірінші жартыжылдықтағы деңгейіне жақындатты. Шетелден Қазақстанға жіберілген бір аударымның орташа сомасы 345,6 мың теңге болды (16-график). Бұл аударымдардың 80%-ы «Золотая Корона» және «Western Union» жүйелеріне тиесілі (17-график). Алынған аударымдардың 99,9% өтеусіз аударымдар болды.

16-график. Бір аударымның орташа сомасы



17-график. Шетелден ХААЖ арқылы алынған ақша аударымдарының көлемі



Шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен – 58,3%, теңгемен – 19,0% және Ресей рублімен – 15,2% (18-график) жүргізілді.

18-график. Валюталар бөлінісінде шет елден жіберілген ақша аударымдары



2025 жылдың I жартыжылдығында негізгі ақша аударымдары мына елдерден түсті: Ресей Федерациясы – 24,0%, АҚШ – 14,9%, Өзбекстан – 10,3%, Түркия – 9,5% және Германия – 7,7% жалпы алынған аударымдардың көлемінен (2-кесте).

Шет елден алынған аударымдар көлемінің азаюы негізінен Ресейден (26%-ға немесе 8,82 млрд теңгеге) және Корея Республикасынан (40%-ға немесе 5,46 млрд теңгеге) келіп түсетін аударымдардың төмендеуіне байланысты болды.

2-кесте. Елдер бөлінісінде шетелден орындалған ақша аударымдары

Қазақстанға аударым жасалған ел	Транзакциялар саны, мың	Жалпы санның үлесі, %	Сомасы, млрд теңге	Жалпы соманың үлесі, %
Ресей Федерациясы	103,50	33,9%	25,28	24,0%
Америка Құрама Штаттары	40,10	13,2%	15,75	14,9%
Өзбекстан	15,78	5,2%	10,83	10,3%
Түркия	26,62	8,7%	10,03	9,5%
Германия	40,66	13,3%	8,15	7,7%
Корея Республикасы	12,09	4,0%	8,06	7,6%
Біріккен Корольдік	11,97	3,9%	4,27	4,1%
Қырғызстан	6,63	2,2%	4,02	3,8%
Грузия	4,73	1,6%	2,89	2,7%
Әзербайжан	2,51	0,8%	2,14	2,0%
Басқалар	40,29	13,2%	13,95	13,2%
Жалпы жиыны	304,88	100,0%	105,36	100,0%

4-БӨЛІМ. ТӨЛЕМ ҰЙЫМДАРЫ

Ұлттық Банк төлем ұйымдарының қызметін реттеуші және бақылау функцияларын жүзеге асыру аясында оларды есептік тіркеуге алады.

Төлем ұйымдарының тізілімі Ұлттық Банктің интернет-ресурсында бар және төлем ұйымдары көрсетуге құқылы төлем қызметтерінің тізбесін де қамтиды.


2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан аумағында 133 төлем ұйымы тіркелген. Олардың негізгі бөлігі Алматы қаласында – 121 ұйым шоғырланған, Астана қаласында – 8, Қарағанды қаласында – 2 және Қонаев қаласында – 1, Рудный қаласында 1 ұйым бар.

Банктермен өзара байланыса отырып, төлем ұйымдары мынадай төлем қызметі түрлерін көрсетеді:

- төлем терминалдары арқылы қолма-қол ақша қабылдау;
- электрондық ақша өткізу және операцияларды электрондық ақшаны пайдалана отырып өңдеу;
- интернет-ресурстар мен мобильді қосымшалар арқылы төлем қабылдау және өңдеу.


2025 жылдың бірінші жартыжылдығында төлем ұйымдарының сервисі арқылы айналым **4,6 трлн теңгені** құрады, бұл 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 22,3%-ға артық (3,8 трлн теңге). Бұл ретте айналымның 72%-дан астамы 20 ұйымға тиесілі.

19-график. Төлем ұйымдарының айналым динамикасы, млрд теңге




2025 жылдың I жартыжылдығында ең көп сұранысқа ие болған төлем қызметтері – клиенттердің қалауымен электрондық формада (мобильді құрылғылар мен интернет-ресурстардың көмегімен) жасалған төлемдерді өңдеу операциялары болды: төлем ұйымдары **3,1 трлн теңгеге 248 млн операция** жүргізді (2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 18,1%-ға көп).

20-график. Электрондық формада жасалған операциялардың көлемі, млрд теңге




Банк шотын ашпай-ақ төлем жасау үшін қолма-қол ақша қабылдау қызметі аясында төлем ұйымдары **1,0 трлн теңгеге 83 млн операция** жүргізді (2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 27,2%-ға көп).

21-график. Қолма-қол ақшаны пайдалана отырып жасалған операциялардың көлемі, млрд теңге




Электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған төлемдерді қабылдау және өңдеу операциялары бойынша төлем ұйымдары **0,5 трлн теңгеге 118 млн операция** жүргізді (2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 40,7%-ға көп). Қазақстанда жұмыс істейтін 44 электрондық ақша жүйесінің 40 операторы төлем ұйымы саналады.

22-график. Электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған операциялардың көлемі, млрд теңге



23-график. 2025 жылғы I жартыжылдықта төлем ұйымдарының сервисі арқылы жүргізілетін төлемдер



Есепті кезеңде операцияның орташа сомасы 2024 жылмен салыстырғанда 18,7%-ға ұлғайып, **10 281,9 теңгені** құрады.

Оң динамика көбіне төлем инфрақұрылымының дамуына байланысты: терминалдар мен сервистер тәулік бойы жұмыс істейді және халыққа ыңғайлы жерлерде қолжетімді. Төлем ұйымдары арқылы есеп айырысуға болатын қызмет көрсетушілер санының өсуі де маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда төлем ұйымдарының сервисі арқылы халық коммуналдық, мемлекеттік, әлеуметтік, қаржылық қызметтерді, сондай-ақ коммерциялық ұйымдардың тауарлары мен сервистерін және өзге де төлемдерді жүзеге асыра алады. Төлем агенттері мен қосалқы агенттерді кеңінен тарту банк бөлімшелеріне қолжетімділігі шектелген өңірлерді қамтуға мүмкіндік беріп отыр.

Ұлттық Банктің бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру аясында 2025 жылғы I жарты жылдықтың қорытындысы бойынша:

- төлем ұйымдарының тізілімінен **7 төлем ұйымы** (дұрыс емес мәліметтерді ұсыну, заңнама талаптарын жүйелі түрде бұзу, төлем қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асырмау және т.б.) қысқартылды;

- төлем ұйымдарына қатысты **11 қадағалау шарасы** қолданылды (есеп формаларын уақытында тапсырмау, есепті деректерді қате ұсыну, тәуекелдерді бағалау туралы жыл сайынғы есепті тапсырмау). Қабылданған ықпал ету шаралары бойынша ақпарат Ұлттық Банктің интернет-ресурсында бар;

- көшпелі тексерулердің қорытындысы бойынша үш төлем ұйымына қатысты **әкімшілік құқық бұзушылық туралы 134 хаттама** толтырылды және сот **115,4 млн теңгеге** айыппұл салды (қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу).

5-БӨЛІМ. ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚАРЖЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗГЕ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ

5.1. Қаржы нарығындағы қашықтан сәйкестендіру сервисі

Қаржы секторын цифрландырудағы негізгі бағыттардың бірі – қашықтан сәйкестендірудің қауіпсіз тетіктерін енгізу. Қаржы нарығында қашықтан көрсетілетін қызметтердің көлемі өсіп келе жатқан жағдайда клиенттің жеке басын сенімді растау ерекше маңызға ие. Ол өз кезегінде пайдаланушыға ыңғайлылық пен олардың дербес деректерін қорғау арасында тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Осы мақсатта Ұлттық Банк 2020 жылы «ҚР Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ негізінде Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығын (СДАО) іске қосты.

СДАО негізгі мақсаты – қаржы нарығына қатысушылар мен өзге де ұйымдар қашықтан қызмет көрсеткен кезде клиенттерді тиісінше тексеру шараларын жүргізуге жәрдемдесу және азаматтардың деректерін қауіпсіз ұстау.

СДАО клиенттің биометриялық деректерін Мемлекеттік деректер базасындағы ақпаратпен салыстыру негізінде жұмыс істейді және қаржы ұйымдарына (банктер, сақтандыру компаниялары, микроқаржы ұйымдары, төлем ұйымдары) қашықтан кең ауқымды қызметтер ұсынуға мүмкіндік береді, ол: банк шоттары мен салымдарын ашу, төлем карталарын шығару, кредиттеу және клиенттік досье жүргізу және т.б. Клиент келісім берген жағдайда ғана олардың деректеріне қол жеткізуге мүмкіндік болады. Бұл дербес деректер туралы заңнаманың талаптарына сәйкес келеді.

Іске қосылған сәттен бастап СДАО қызметін пайдалану динамикасы оның сұранысқа ие екенін және тұрақты өсім көрсетіп отырғанын дәйектейді: 2020 жылы 3,9 миллионнан астам операция жүргізілсе, 2024 жылы олардың саны 31,4 миллионға жетті.

24-график. СДАО арқылы биометриялық сәйкестендіру операцияларының саны



2025 жылғы бірінші жартыжылдықта СДАО сервисі арқылы 23,5 млн биометриялық сәйкестендіру операциясы жүргізілді. Ол 2024 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 1,6 есе көп (14,4 млн операция). Бұл өсім қаржы нарығын цифрландыруда және қаржы ұйымдары қашықтан қызмет көрсеткен кезде клиенттердің жеке басын сенімді сәйкестендіруді қамтамасыз етуде СДАО рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді.

5.2. Ұлттық Банктің Антифрод-орталығы

Антифрод-орталықтың платформасы 2024 жылы өндірістік пайдалануға берілді және қаржы ұйымдары мен мемлекеттік органдар арасында жедел ақпарат алмасуға арналған. Оның міндеті – алаяқтық белгілері бар транзакцияларды анықтау және оларға қарсы жедел әрекет ету, соның ішінде сол операциялар бойынша қаражатты бұғаттау.

Антифрод-орталық платформасының функционалдығы:

- нақты уақыт режимінде қатысушылар арасында алаяқтық белгілері бар транзакциялар туралы деректерді алмасуға;
- құқық қорғау органдары мен қаржы нарығына рұқсат бере отырып, алаяқтық транзакциялар бойынша бірыңғай деректер базасын (жалпыхалықтық «сұр» және «қара» тізімдер) жүргізуге;
- қаржы ұйымдары мен құқық қорғау органдарының қаржы нарығындағы алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысын үйлестіруге және шоғырландыруға;
- алаяқтық операциялар бойынша алдын алу шараларын жүргізу үшін алаяқтық типологиялары бойынша талдамалық және статистикалық ақпарат (операция түрлері, сомасы, операциялар жүргізу кезеңі бөлігінде) алуға мүмкіндік береді.

Антифрод-орталыққа екінші деңгейлі барлық банк пен құқық қорғау органдары (ІІМ-нің 21 өңірлік өкілі мен орталық аппараты), төлем және микроқаржы ұйымдары, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Қаржылық мониторинг агенттігі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ, сондай-ақ барлық ұялы

байланыс операторы қосылған. Қазіргі уақытта қатысушылар саны 200-ден астам ұйымды құрайды.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Антифрод-орталық шеңберінде 65 мыңнан астам инцидент тіркелді, нәтижесінде 2,3 миллиард теңгеден астам сомаға алаяқтық транзакциялар дер кезінде бұғатталды, оның ішінде 1,7 миллиард теңгеден астамы жөнелтуші банктің жағында алдын ала бұғатталды, 642 миллион теңге – алушы банк. 255 миллион теңге зардап шеккендерге өз еркімен қайтарылды.